

**Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы
отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Өткен орны: «№1 Алға мектеп-бақшасы» КММ

12.02.2025 жыл

Қатысқандар: Г.С. Махамбетова - Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия төрағасы;

Ж.К. Муратбаева ведомствоаралық сараптамалық топтың хатшысы;

Ведомствоаралық сараптамалық топтың мүшелері;

Баяндамашы: ДТЖЖО Ж.К. Муратбаева

Барлығы: 8 адам.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Желтоқсан, қаңтар, ақпан айлары бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы. Ауыз су режимін ұйымдастырылуы.
2. Күнделікті ас мәзірінің жинақталуы. Күнделікті ас менюі, перспективалық ас менюі және бракеражды журнал бір бірімен сәйкесті.

ТЫҢДАЛДЫ:

Желтоқсан, қаңтар, ақпан айлары тамақтану сапасына мониторинг жүргізу мақсатында мониторинг комиссиясы мектеп асханасына айына бір рет тексеру жұмыстарын жүргізді. «№1 Алға мектеп-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің тамақтандыруды ұйымдастыру жалға алушы Г.Наурызбаева жалғастыруда. Білім алушылар үшін әзірленетін тағамдар талапқа сай. Білім беру ұйымының пайдаланылатын барлық азық түліктері сапалы, сертификаттары бар. Жарамдылық мерзімі мен сақтау шарттары сақталуда. Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия мүшесі мектеп медбикесі Х.Ермекова төмендегідей хабарлама жасады. Дені сау баланы өсіру үшін оның толық тәрбиесі мен дамуына жағдай жасау керек. Баланың денсаулық жағдайын, оның физикалық және ақыл-ой дамуын анықтайтын негізгі факторлардың бірі – оқушылардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру.

Мектепте дұрыс тамақтануды ұйымдастыруда білім мен дағдыларды таратудың бастауы болуы өте маңызды. Осыған байланысты мектепте «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» дәрістері өткізіледі.

Мектептің асханасы барлық қажетті технологиялық және тоназытқыш жабдықтарымен жабдықталған. Ыдыс-аяқ, ас құралдары, тамақ ішуге арналған ыдыстар жеткілікті. Жуу және дезинфекциялау барлық санитарлық-гигиеналық нормаларды сақтай отырып жүргізіледі. Тамақтану залында қол жуу үшін жеткілікті мөлшерде қолжуғыш орнатылған.

Ата-аналар мен оқушыларға тағамдардың сапасы, шығарылатын тағамдар бойынша сауалнама жүргізіледі. Сынып сағаттарында мұғалімдер балалармен өсіп келе жатқан ағза үшін сапалы тамақтану қажеттілігі туралы, тамақтану кезіндегі мінез-құлық ережелері, тамақтану мәдениеті және өз денсаулығы үшін жауапкершілік туралы әңгімелер жүргізеді.

Тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссиясы Қаулы етеді.

1. Желтоқсан, қаңтар, ақпан айлары бойынша тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия жұмысының қорытындысы қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. Күнделікті ас мәзірінің жинақталуы .Күнделікті ас менюі,перспективалық ас менюі және бракеражды журнал бір бірімен сәйкесті үнемі қадағалансын.

Тамақтан сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия хатшысы

Ж.К. Муратбаева